

Қ.Ж. Тулақбаева^{1*}, А.Р. Масалимова²

¹ Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Қазақстандық қоғамдық даму институты, Астана, Қазақстан

*e-mail: ktulakbaeva@mail.ru

ШИ ТОҚУ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ РУХАНИ БОЛМЫСТЫҢ КӨРІНІСІ

Мақала авторлары сәндік-қолданбалы ши тоқу өнерінің ұлттық салт-дәстүрді тасымалдаушы ретіндегі теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланып, жүйелік, синкретикалық, мәдени танымдық, аксиологиялық, экологиялық әдіснамалық тұғырлар жиынтығына талдау жасалды. Сонымен қатар қазіргі жаһандану заманында дәстүрлі өмір салтындағы ши тоқу өнерінің жаңа сипат алуы тарихи-мәдени деректер негізінде талданып, оның қоғам мәдениетіндегі ықпалы басты назар алынған. Нәтижесінде қазақ тарихында орын алған отарлау, жаһандану үдерістерінің ши тоқу өнерінің дамуына ықпалы, мәдени танымдық өзгерістері анықталды.

Зерттеудің маңыздылығы: сәндік-қолданбалы ши тоқу өнері ұлттық дүниетаным мен эстетикалық сананың көрінісі ретінде қарастырылған тың мәліметтер мен ғылыми тұжырымдар этнография, мәдениеттану, өнертану бағытында талдау жасауға және зерттелетін мәселенің теориялық негіздерінің айқындалуына тірек болды. Авторлар ұсынған ши тоқу өнерінің символдық белгілері сурет арқылы беріліп, оның ою-өрнек мазмұнында, адам мен табиғат байланысында және тұлғаның мінез-құлық сипатының сабақтастығын нақтылауға негіз болды. Мақалада берілген арнайы пән негізінде студенттердің меңгерген ши тоқу өнерінің техникасы мен трансформациялану бағыты олардың тәжірибе жинақтауы мен нәтижелі аяқталған жұмыс орындау үлгілерінің көрінісін сипаттау – зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын өрнектеуде.

Түйін сөздер: мәдениет, ши тоқу, ою-өрнек, символ, ұлттық дүниетаным, құндылық, қолөнер.

K.Zh. Tulakbayeva^{1*}, A.R. Masalimova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Kazakhstan Institute of Public Development, Astana, Kazakhstan

*e-mail: ktulakbaeva@mail.ru

Shi Weaving Art as an Expression of Spiritual Identity in Kazakh Culture

The authors of this article clarify the theoretical and methodological foundations of the decorative and applied art of «shi» (reed) weaving as a phenomenon for preserving the culture of national traditions. The study provides a comprehensive analysis involving systemic, syncretic, culturological, axiological, and ecological methodological approaches. Drawing on historical and cultural data, the article presents a new interpretation of «shi» weaving in the context of contemporary globalization, specifically focusing on its impact on societal culture. Consequently, the research identifies the influence of colonization and globalization processes in Kazakh history on the evolution of «shi» weaving and subsequent cultural-cognitive shifts.

Significance of the Research: The new findings and scientific conclusions, which treat «shi» weaving as a reflection of the national worldview and aesthetic consciousness, serve as a framework for analyzing the syncretism of ethnography, culturology, and art history, while defining the theoretical foundations of the problem. The symbolic signs of «shi» art examined by the authors are visualized, allowing for a more specific interpretation of ornamental content, which elucidates the connection between humanity and nature and the continuity of personal traits. Furthermore, the description of weaving techniques and the transformation of «shi» art mastered by students within specialized disciplines, along with the demonstration of their practical works, highlights the applied significance of the research.

Keywords: culture, «shi» weaving, ornament, symbol, national worldview, value, craft.

К.Ж. Тулакбаева^{1*}, А.Р. Масалимова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахстанский институт общественного развития, Астана, Казахстан

*e-mail: ktulakbaeva@mail.ru

Искусство чиеплетения как проявление духовного бытия в казахской культуре

Авторами названной статьи уточнены теоретико-методологические основы декоративно-прикладного искусства плетения циновки «ши» как феномена сохранения культуры национальных традиций. Проводимый ими анализ совокупности системного, синкретического, культурологического, аксиологического и экологического методологических подходов. На основе историко-культурных данных проанализирована новая интерпретация искусства плетения «ши» в условиях современной глобализации, где основное внимание уделено его влиянию на культуру общества. В результате выявлено влияние процессов колонизации и глобализации, имевших место в казахской истории, на развитие искусства плетения «ши» и культурно-познавательные изменения.

Значимость исследования: Новые сведения и научные выводы, рассматривающие искусство плетения «ши» как отражение национального мировоззрения и эстетического сознания, послужили опорой для анализа синкретики этнографии, культурологии и искусствоведения, а также для определения теоретических основ изучаемой проблемы. Рассмотренные авторами символические знаки искусства «ши» представлены визуально, что позволило конкретизировать содержание орнамента, ведущие к определению связи человека с природой и преемственности личностных качеств. Описание применения техники плетения и направлений трансформации «ши», освоенных студентами в рамках профильной дисциплины, а также демонстрация их практических работ подчеркивают прикладную значимость исследования.

Ключевые слова: культура, плетение «ши», орнамент, символ, национальное мировоззрение, ценность, ремесло.

Кіріспе

Қазақ халқының рухани, эстетикалық құндылық саналатын дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық дүниетанымын зерделеуде сан ғасырлық тарихы бар көне мұра – сәндік-қолданбалы өнердің алатын орны айрықша. Мақалада қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері ұлттық нақыштың, табиғатпен үйлесімділіктің, әлеуметтік құрылым мен мәдени жадының шынайы көрінісі ретінде қарастырылады. Әр ұлттың мәдениетінде маңызды орын алатын, эстетикалық құндылықтарын айшықтайтын қолданбалы өнер жанрын тек объективті мұра ғана емес, сонымен қатар мәдени мәтін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан символдық жүйе тұрғысынан зерделеу қазіргі мәдениеттанудың өзекті аспектілерінің бірі.

Қазақ тұрмысындағы ши тоқу сәндік-қолданбалы өнерін арнайы зерттеген қазақ ғалымдары мен XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазақ жерінде болған орыс зерттеушілерінің еңбектерінде деректерден кездестіруге болады. Торғай даласын зерттеген А.И. Добросмыслов: «Ши өсіп тұрған кезінде малға азық болса, ал тоқылған ши жазда киіз үйдің туырлығы мен керегесінің аралығына тұтылады, ол үйге сырттан жел өткізіп жанға жайлы әсер береді» (Добросмы-

лов А.И., 1895, 336 б.), – деп шидің қасиетіне сипаттама берсе, ғалым А.П. Федченко: «...қазақ тұрмысында шиден тоқылған бұйымдар кең қолданылады, ...оның тығыз тоқылғаны соншалық, киіз үйді сыртқы шаң-тозаңнан, күшті желден қалқалайды, әрі үйге өкпек жел, таза ауа, жарық береді», – деп өз тұжырымын білдіреді (Оспанұлы., 2021а, 267б.). Ал, XX ғ. 30 жж. зерттеуші П.Ф. Домрачев Балқаш өңіріне жасаған экспедициясы негізінде жүргізген зертханалық зерттеулерінде шидің қағаз өндірісінде таптырмайтын шикізат көздерінің бірі екеніне баса назар аударған (Федченко, 1897, 62б.). Алғаш зерттеушілер дерек көздерінен алынған мәліметтері қазақ ғалымдары да өз пайымдауларын М.С. Мұқанов, Ә.Тәжімұратов, Р.Шойбеков және т.б. еңбектерінде берілген тың деректер жалғасып, жарияланғаны белгілі. Айталық, этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаидың жетекшілігімен жарыққа шыққан «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық көлемді энциклопедиялық еңбектің 5-ші томында мақала авторының жазуымен мол иллюстрациялық фотоматериалдармен кеңінен қамтылған еңбектің құнды деректері ерекше көзге түседі. Тоқылған ши сырт көрінісіне қарай ақ ши, шым ши, ораулы ши деп үшке бөлінеді. Халық арасында оларды жалпылама түрде қанат

шилер деп атайды (Энциклопедия. 5-том., 2014, 111б.). Бұл еңбектерде шиден тоқылған тұрмыстық бұйымдардың халық арасындағы қолданыс аясы өз деңгейінде қарастырылып, ертедегі дала мәдениетінің дамуында сәндік-қолданбалы ши тоқу өнерінің табиғат пен адам арасындағы дүниетанымдық, сакралды ақпаратты тасымалдаушы, рухани мәдениеттің көрінісі ретіндегі рөлі нақтыланып, бүгінгі күні біздің зерттеу жұмысымыздың басты мақсатына айналды.

Зерттеу мақсаты – сәндік-қолданбалы ши тоқу өнерінің қазақ мәдениетінің рухани көрінісін теориялық-әдіснамалық тұрғысынан пайымдау, практикалық ұсынылымдар жасау.
Зерттеудің міндеттері:

- ши тоқу өнерінің мәдениеттану ғылымындағы бейнелік, символикалық қызметіне сипаттама беру;

- ши тоқу өнерінің мәдениеттанушылық бағытын тәжірибеде қолдану техникасы мен құрылымын білім беру үдерісіне енгізу.

Тақырып таңдау негіздемесі. Ши тоқу сәндік-қолданбалы өнерін ұлттық мәдени құндылық ретінде нысанға алуымыздың өзіндік себептері бар. Сәндік-қолданбалы өнердің бұл түрі көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі салт-дәстүрін, наным-сенімін, тарихи-әлеуметтік жағдайын айшықтайтыны белгілі. Қазақ халқының бастан кешірген отарлау, жаһандану, индустрияландыру кезеңдеріндегі саяси-экономикалық үрдістердің халық мәдениетіндегі ұлттық құндылық – ши тоқу өнерінің ұлт жадындағы танымдық, этномәдени, рухани болмысқа әсері назардан тыс қалғандығы – аса маңызды мәселе. Бұл аталған мәселелер бүгінгі күні тарихи-әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың өзгеруі барысында өз құндылығын жоғалтып бара жатқандығын жұмысымыздың **басты нысаны** ретінде қарастырамыз.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері – ежелгі дүниетаным мен этномәдени тәжірибенің терең қойнауынан бастау алатын, көшпелі өмір салтына бейімделген ерекше мәдениет. Көшпелі қоғамның табиғатпен өзара үйлесіміндегі күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті қолөнер бұйымдары қазақ этносының материалдық және рухани мәдениетінің тұтастығын айқын көрсетеді. Бұл бұйымдар тек тұрмыстық қажеттілікті өтейтін заттар ғана емес, ұлттың эстетикалық талғамын, дүниетанымын, қоршаған ортамен қатынасын, тарихи жады мен мәдени бірегейлігін сақтаушы рухани код ретінде қызмет атқарады.

Әдебиеттерге шолу

С.И. Вайнштейн Еуразия даласының көшпенділеріне арналған еңбегінде халықтық қолөнердің көркем шығармашылығы сол қоғамның «ой-арманы, тіршілік тынысы, шаруашылық-кәсібі, отбасы және қоғамдық қатынастары, ұлттық тәрбиесімен, дәстүрлерімен тығыз байланыста дамыған тарихи-мәдени мұра» екенін атап көрсетеді (Вайнштейн, 1979, 50б.).

Қазақ халқының қолөнер шебері, этнограф *Бұлбұл Кәпқызы* киіз үй құрылымы мен жабдығын жасауда ұлттың дәстүрлі тәжірибесіне сүйене отырып, киіз үйдің адам өміріне қатысты атқаратын қызметіндегі мәдени болмысының сабақтастығы мен технологияларын ашып берді (Кәпқызы, 2024, 94б.).

Этнограф *Шайзада Тоқтабаева* қолөнердің даму үрдісінде материалдық тәжірибе мен рухани танымның, тұрмыс пен символдық жүйенің тоғысқан тұғырлы тұстарын ұлттық қазақ мәдениетінің тұтастығын және сабақтастығын айқындайтын маңызды мұра ретінде зерделеген еңбектері бүгінгі күні құнды еңбектер (Тоқтабаева, 2008, 123б.).

Белгілі мәдениеттанушы ғалым *Тұрсын Ғабитовтың* пайымдауларында: адамдар қоршаған ортаны ғылыми танымның даму сатысында табиғат пен адамның көшпелі өмір салтына сәйкес табиғи шикізаттардан өндірілген қолөнер бұйымдарын қазақ халқының мәдени синкретикалық сипатын анықтайтын құбылыс ретінде қарастырады (Ғабитов, 2013, 64б.).

Қазақтың дәстүрлі қолөнерін зерттеумен айналысқан отандық этнограф-ғалым

Садық Қасиманов өз еңбектерінде ши тоқу өнерінің ғылыми аспектілерін ашып, оның маңызды тұстарын түсіндіруге зор үлес қосқаны мәлім (Қасиманов, 1995, 240б.).

Өнертанушы ғалым *Бекмұрат Байжігітов* әлемдік мәдениет аясында ұлттық нақыш үлгілерін түсіну, оның тәжірибелік қолданысын меңгеру – бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған рәміздік белгі сипаттары өте құнды деректермен анықталады (Байжігітов, 2012, 3б.).

Қазақ мәдениеттану саласында белгілі тұлға, көрнекті жазушы, этнограф *Ақселеу Сейдімбектің* ұлттық дәстүрлер мен салттық жоралғылар қатарын зерделеген еңбектері құнды. Зерттеулер халықтың сәндік-қолданбалы өнеріндегі заттық болмыстың эстетикалық және философиялық астарын ғылыми талдау нысанына айналдыру әлеуетін басты назарға алады (Сейдімбек, 1997, 340 б.).

Қазақ ою-өрнектерінің элементтері мен оның ұлттық бейнелік жүйесінің ерекшелігін атап өткен Б. Байжігітовтің ой елегінен өткізген тұжырымдарын жалғастырушы зерттеушілер – өнертанушы *Жанерке Шайгозова*, философ *Альмира Наурызбаева* өз еңбектерінде ою-өрнектердің символикалық элементінің адам дүниетанымы мен түсінігінің биіктігін дәлелден тұстары маңызды (Шайгозова, Наурызбаева, 2003, 134б.].

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдістері – ғылыми әдебиеттер мен тарихи деректерді зерделеу және талдау, жинақтау, жүйелеу, символдық белгілері мен практикалық ұсынылымдар беру.

Сәндік-қолданбалы ши тоқу өнеріне қатысты бірқатар мәселелерді жұмыс барысында мәдениеттану, философия, антропология және саясаттану салаларының тоғысындағы көпқырлы ғылыми тәсілдерге сүйеніп анықтадық.

Ши тоқу сәндік-қолданбалы өнерін жан-жақты зерттеу барысында анықталған тұғырлар: жүйелік, синкретикалық, мәденитанымдық, аксиологиялық, экологиялық.

Ұсынылған әдінамалық тұғырлар құрылымы, қолдану критерийлері мен әдістері анықталды. Жүйелік тұғыр ою-өрнек, түстер жүйесі; ұлттық эстетикалық жүйе; көркемдік ойлау жүйесін нақтылауға бағдар берілді.

Синкретикалық тұғыр – синтактикалық құрылым негізінде сакралды кеңістік пен трансформациялық қызметін қолдану критерийлері ши тоқу техникасын ұсынуды бағыттайтыны нақтыланды.

Мәденитанымдық тұғыр – мәдени-символдық, мәдени семиосфера, философиялық танымдық сипатын ашып, мәдени код арқылы ши өрнектерінің адам мен табиғат үйлесімділігін анықтайтын әдістерді тәжірибеде қолдану үйлесімділігін сақтайды.

Аксиологиялық тұғыр – семантикалық, ұлттық мәдени бейнені сәндік композицияда, тұрмыстық қажеттілік көрінісінде пластикалық, көркемдік идея әдістерімен өрнектеледі.

Тарихи деректердегі материалдар арқылы қазақ қоғамындағы шидің әлеуметтік қызметі, киіз үй кеңістігін ұйымдастырудағы шиден тоқылған жабдықтардың орнын тиімді қолдану үлгілері тарихи тұрғыдан айқындалған ою-өрнек, түстер жүйесі, ұлттық эстетикалық жүйе, көркемдік ойлау жүйесі сынды сипаты *жүйелік* тұғырдың бағытын ашып беретіні нақтыланды.

Қазақ қоғамындағы ши тоқу өнерінің семиотикалық бағыты – оның сакралды кеңістік, трансформациялық қызметі аясында *синкретикалық тұғырдың* мән-мағынасын ашып беруді көздейді. Сонымен қатар, халықтың көшпелі өмір салтымен жалғасқан мәдениетіндегі ши тоқу сәндік-қолданбалы өнерінің деградацияға ұшырауына ұлт тарихындағы отарлау, жаһандану, индустрияландыру үрдістерінің әсеріне баға берілуімен құнды.

Ши тоқу сәндік-қолданбалы өнеріне қатысты жүргізілген контент-анализ шеберлердің қолынан шыққан шиден тоқылған материалдық өнімін айқындайтын өнер туындылары, мұражай жәдігерлері ертедегі дала мәдениеті мен рухани болмысын сипаттап, мәдени-онтологиялық феномен ретінде қарастырылуы оның табиғат пен адам арасындағы байланысын *мәденитанымдық тұғырлар* негізінде қолданылатын заңнамаларын, әдістері мен технологиялары халықтың мәдени мұрасы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Еліміздің аймақтық өнер мұражайлары қорларында шиден тоқылған жәдігерлердің белгілі бір тарихи кезеңдердегі адамзат болмысындағы өнегелік, тәрбиелік, психологиялық сипатын ашуға мүмкіндік беретін *аксиологиялық тұғыр* маңызы ерекше орын алады.

Ши тоқу өнерінің экологиялық, технологиялық, ритуалдық қырларын анықтауға мүмкіндік беретін ши тоқу техникасы, оның кезеңдері, құрал-жабдық түрлері және ою-өрнектердің көркемдік белгілер экологиялық мән-мағынасы ши бетіндегі арқылы оның адамзат өмірінде тазалықты үйрету, қолданбалы бұйымдар сипатында шеберлердің тәжірибесі, дүниетанымы және практикалық әдістері негізінде бұл өнердің экологиялық тұғыр ши тоқу өнерінің заманауи қоғам талабына сәйкес табиғи болмысы ерекше сипатқа ие.

Талқылау мен нәтижелер

Көшпенді қоғам жағдайында қалыптасқан қолөнер бұйымдары қазақ қауымының материалдық өндірісі мен рухани болмысындағы біртұтастықты айғақтайды. Оның синкреттік сипаты – утилитарлық, эстетикалық және сакралды қызметтердің бір арнада тоғысуынан көрінеді. Әрбір бұйым халықтың дүниетанымдық ұстанымдарын, әлеуметтік құрылымын, космологиялық түсініктерін, сондай-ақ, салт-дәстүрлік нормаларын символдық деңгейде тасымал-

дап, мәдени құндылықтардың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Ш.Ж.Тоқтабаева қазақтың дәстүрлі қолданбалы өнерін «тарихи-философиялық мазмұнының ауқымдылығы, тереңдігі және сипаттық алуан түрлілігімен ерекшеленетін көркем құбылыс» деп бағалайды (Тоқтабаева, 2008, 123б.). Бұл баға көшпелі ортада қалыптасқан өнердің тек тұрмыстық қажеттілікті өтеу функциясымен шектелмейтінін, оның философиялық мән-мағынасы мен мәдени-символдық мазмұнының зор екендігін көрсетеді.

Осылайша, қазақ қолөнері – материалдық тәжірибе мен рухани танымның, эстетика мен этнологияның, тұрмыс пен символдық жүйенің тоғысқан тұғырлы мәдениеті. Оның әрбір түрі ұлттық тарихи жадының, дүниетанымының және өмір салтының айнасы ретінде бағаланып, қазақ мәдениетінің тұтастығын және сабақтастығын айқындайтын маңызды мұра. Көшпелі дәстүр мәдениетін ұстанған қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде орын алатын қолөнердің маңызды бөлігі – киіз үй.

Бұл тек баспана емес, *кеңістікті ұйымдастыру мен сакралдандырудың архетиптік моделі* болып табылады. Киіз үй кеңістігі құрылымы жағынан табиғатпен үндес, әлеуметтік қатынастарды реттеуші, рухани дүниетанымды бейнелеуші күрделі мәдени-символдық бейне. Кеңістік туралы бұл түсінік, қазақ дүниетанымындағы «әлем – адам – қоғам» арасындағы үйлесімділікті сақтаудың құралы. Сонымен қатар, киіз үйдің ішкі кеңістігі қазақ дүниетанымында әлеуметтік, аспан әлемі және ритуалдық мағынаға ие көпқабатты құрылым ретінде қарастырылады.

Кеңістік ұғымы философиялық дәстүрде адам болмысының маңызды қыры ретінде түсіндіріледі. Мартин Хайдеггердің кеңістік туралы пайымдауы бойынша, кеңістік – адамның болмысы айқындалатын, мәні ашылатын экзистенциалдық алаң (Dasein-нің ашылу орны) (Heidegger, 2003). Бұл идеяны киіз үйге қатысты қолдансақ, қазақ киіз үйі – физикалық құрылыс қана емес, рухани әлемнің, әлеуметтік қатынастардың және мәдени болмыстың шоғырланған көрінісі.

Анри Лефевр ұсынған «кеңістікті өндіру» (production of space) теориясы кеңістікті үш деңгейде сипаттайды:

Қабылданатын кеңістік (perceived space) – күнделікті өмірде пайдаланылатын, практикалық қызмет атқаратын физикалық орта;

Тұжырымдалған кеңістік (conceived space) – мәдени, әлеуметтік және идеологиялық кодтармен реттелетін құрылым;

Тәжірибеленген кеңістік (lived space) – символдық мағыналарға толы, адамның жан дүниесі мен тәжірибесін бейнелейтін орта.

Біздің ойымызша, аталған кеңістік деңгейлері киіз үй құрылымында қолданылатын негізгі жабдықтарын анықтап, шиден жасалған заттарды белгілеуге мүмкіндік беретінін белгіледік:

Ши осы үш кеңістіктің де тоғысқан нүктесі ретінде танылады:

– ол перцептивті деңгейде – тұрмыстық қажеттілікке сай жасалған бұйым;

– концептуалды деңгейде – әлеуметтік кодпен реттелген шекара белгісі;

– экзистенциалдық деңгейде – рухани белгіге (символға) ие сакралды нысан.

Киіз үй кеңістігін бөлуге шиден тоқылған ши есік, ірге ши, масахана, ши шымылдық, кілем ши, қанат ши, шым ши, өре ши т.б. да қолданылады. Осы аталған жабдықтардың тұрмыстағы қолданысын *ши есік, ірге, шым ши* мысалдарымен қарастырамыз.

Киіз үйдің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – ірге ши. Ол керегені айналдыра киіз жабындының ішкі жағынан ұстап тұратын, әрі жылуды сақтау, шаң ұстау, жәндіктерден қорғау сияқты қызмет атқаратын элемент. Қазақтың дәстүрлі тәжірибесі бойынша, ірге шиді көбіне қара қойдың жүнінен иіріп тоқиды. Мұндай ши үйдің ішіне улы жәндіктердің кіруінен қорғайды, деген түсінік бар (Кәпқызы, 2024, 94б.).

«Қазақтар қоршаған заттарға материалдық және эстетикалық құндылық қана деп қарамаған, көбіне оларды киелі деп ұғынған. Заттық әлем игерілген кеңістікті білдіреді, халықтың дәстүрлі санасында адам мен табиғат арасында дәнекер рөлін атқарады» (Тоқтабаева, 2008, 120 б.).

Ірге ши мен есік ши – материалдық тұрғыдан прагматикалық қызмет атқаратын, ал рухани тұрғыдан сакралды мәнге ие мәдени артефакт. Бұл бұйымдардың табиғи материалдардан жасалуы – қазақ халқының экологиялық дүниетанымымен және табиғатпен етене өмір сүру салтымен тікелей астасады. Т.Х. Ғабитов атап өткендей, «адамдар қоршаған ортаны ғылыми таным ретінде білмей жатып-ақ, диалектикалық әдіспен ойлайтын болған, себебі табиғатқа өте жақын, табиғаттың тылсым сырымен астасып, бірлесіп өмір сүріп, табиғаттан үйреніп, өмір сүруі халықтың рухани болмысының өзегі» (Ға-

битов, 2013, 64б.). Осындай табиғатпен тұтасқан дүниетаным кеңістігінде ең далада өсетін шидің сабақтары, қойдың жүнінен иірілген жіптер және дала өсімдіктерінен алынған органикалық бояулар арқылы жасалатын ши тоқу өнері көшпелі өмір салтына барынша тән, оның болмысын дәл бейнелейтін тәжірибелік, әрі табиғи шикізаттардан өндірілген қолөнер түріне айналды. Тарихи тұрғыдан, ши тұрмыстық қажеттілікті өтеумен қатар, көшпелі кеңістіктің эстетикалық құрылымын айқындаған маңызды элемент болды. Уақыт өте келе мұндай бұйымдар ұлттық материалдық мәдениеттің құнды жәдігері ретінде, дәстүрлі өнердің материалдық ғана емес, рухани-мәдени мағынасын да айқын көрсететін артефакт ретінде бағаланады. Осындай бағалы жәдігердің бірі бүгінде ҚР Әбілхан Қастеев атындағы ұлттық өнер мұражайында, ҚР ұлттық орталық мұражайында, т.б. мәдени орындарда ғылыми және мәдени тұрғыдан аса құнды мұра ретінде сақталып отыр.

Ши есіктің күннің ыстығында киіз үйдің ішіндегі ауа айналымын жақсартуға көмектесетін рөлі жөнінде этнограф Б.Кәпқызы «киіз үйдің ағаштан жасалған есігінің сыртынан киіз есік жабылады. Киіз есіктің киізіне ақ шиден немесе ораған шиден қабаттап ши есік салып жасайды. Бұл ең алдымен, жылы болу үшін екіншіден, жиналып тұруына ыңғайлы әрі есіктің әдемілігін қамтамасыз етеді» (Кәпқызы, 2024, 144 б.), деп жазады. Киіз үйдің есігі-сықырлауық – қазақ дүниетанымындағы киелі кеңістік бөлігі. Бұл аймақ «ішкі» мен «сыртқы», «өз» бен «бөгде», «қауіпсіз» бен «белгісіз» әлемдердің арасындағы шекаралық феномен ретінде қабылданған. Есіктің сырт жағына ілінетін өрнекті ши есік – тек тұрмыстық шымылдық немесе ауа райынан қорғайтын құрал ғана емес, сакралды өтпелі кеңістікті (liminal space) белгілейтін символ. (Арнольд, 1909) сипаттаған «өтпелі кезең» (liminality) теориясына сәйкес, әрбір мәдениетте шекаралық аймақтар ритуалдық мағынаға ие. Қазақ киіз үйіндегі ши есік – осы өтпелі кеңістіктің заттық көрінісі:

– есік арқылы сыртқы әлемнен ішкі рухани әлемге өту жүзеге асады,

– табалдырық пен босаға – амандық пен берекенің орны,

– есікке қатысты тыйымдардың болуы сакралды кеңістік құрылымын танытады.

Этнографиялық деректерге сәйкес, босағаға сүйенуге, табалдырықты басуға, есік алдында тұруға тыйым салынуы кеңістіктің киелі мағы-

насына байланысты түсіндірілген. Мәселен, қазақ дәстүрінде босаға мен табалдырық ерекше киелі саналғандықтан, оған қатысты салт-жоралғылар мен тыйымдар да көп болған. Мәселен, жаңа түскен келін үйге алғаш кірген сәтте табалдырықта үш рет иіліп, босағаға сәлем береді. Үйге кірерде міндетті түрде оң аяқпен аттау талап етіліп, босағаға сүйенуге тыйым салынған. Сондай-ақ «босағада тұрма», деген ескерту – кіреберістің қасиетті орын ретінде қабылданғанының белгісі.

Баласы шетіней берген отбасыларда кейінгі сәбидің кіндігін босаға түсында кесу сияқты дәстүрлер де болған, бұл – босағаның амандық пен құттың символы ретінде танылуынан туған наным. Кейбір өңірлерде қайтыс болған адамды үйден шығарғанда марқұмды табалдырықтың үстінен үш мәрте көтеріп-түсіру рәсімі орындалған.

Ертеде қаралы хабар жеткізуші де бұл кеңістіктің киелі сипатын ерекше ескерген: жаман жаңалықты айтқанда хабаршы табалдырықты оң аяғымен басып, екі қолымен босағаны кере ұстап тұрып жеткізген. Үйге кіре берісте жасалатын барлық іс-әрекеттерге семиотикалықтың жоғары дәрежесі берілді (Сейдімбек, 1997, 340 б.).

Қазақ дүниетанымында үйдің ішкі кеңістігі – қорғалған, тәртіп пен қауіпсіздік орны ретінде қабылданса, оның сыртындағы аймақ көбіне белгісіздікке, апатқа және жабайы табиғат әлеміне телінген. Сол себепті халық «Есіктен қырық қадам ұзап шыққан адам мүсәпір» деп айтып, баспанадан алыстаудың тәуекелді қозғалыс екенін меңзеген.

Көшпелі тұрмыста есік – сыртқы әлеммен байланыстыратын әрі оны ажырататын шекаралар ретінде қарастырылған. Осы ерекшелігіне байланысты олар киіз үйдің ең әлсіз, әрі қорғауды қажет ететін бөліктерінің қатарына жатқызылған. Сондықтан түн уақытында шаңырақ та, есік те міндетті түрде жабылып, олардың үстіне жамандықтан сақтайды деп сенетін апотропиялық (қорғаушы) нышандар ілінген. Түркі қағанаты заманынан бері белгілі бұл әдет XX ғ. басындағы қазақтарға да жетті. Көшпенділер сенімінде үйдің есігі зұлым күштердің, теріс энергияның, бөгде рухтардың өту нүктесі болып есептелген.

Осы аталған есік ши, ірге, шым шилердің бетіне салынған ою-өрнектер – тек эстетикалық элемент емес, апотропиялық қорғаныш таңбалар қызметін атқарады. Ши бетіндегі композиция-

ларда жиі кездесетін шаршы, жүзтеру (сатылы көпбұрыш), омыртқа, балдақ тәрізді геометриялық формалар, сондай-ақ қошқармүйіз, қосмүйіз, сынармүйіз сияқты зооморфтық мотивтер – байырғы мәдени кодтардың бір бөлігі (Мұқанов, 1979, 75б.). Қазақ ою-өрнегінің табиғатын зерттеушілер өрнектердің пайда болуын малшылық, көшпелі өмір салты, жорықшылық, аңшылық, табиғатты бақылау барысында қалыптасқан ұғым-түсініктермен байланыстырады.

Мұндай тұрақты бейнелік элементтерді қазіргі ғылымда **символдық (рәміздік)** белгілер деп атаймыз. Г.К. Вагнер атап өткендей: «Рәміздік форма нақты затты бейнелемейді, ол құбылыстардың тұтас категорияларын білдіреді». Бұл құбылысты Байжігітов те атап өтеді: геометриялық оюлардың бастапқы семантикасы ұмытылғанымен, олардың символдық қызметі сақталып қалған (Байжігітов, 2012, 35б.).

Қазақ ою-өрнектерінің барлығында дерлік мүйіз оюы жетекші рөлде көрінеді. Қасиманов атап өткендей, қазақ ою-өрнегінің қай түрін алсақ та, оның ішінде мүйіз элементі міндетті түрде кездеседі – бұл ұлттық бейнелік жүйенің ерекшелігі.

Қошқар мүйіз оюының семиотикасы терең. Арқар мен қошқар ежелден Күн Тәңірісі, күт-береке және күш-қуат символы ретінде танылған. Бұл сенім археологиялық ескерткіштерден де көрінеді: Есік обасынан табылған «Алтын адамның» бас киімінің ұшар басында арқар мүсіні бейнеленуі, Маңғыстаудағы «арқар тас», «қошқар тас» ескерткіштерінің көптеп кездесуі – мүйіз символының көне дүниетанымдағы ерекше орнының дәлелі (Байжігітов, 2012, 26 б.).

«Қошқар мүйіздің графикалық архетипі күшті, құдай сыйын, еркектік қасиеттерді (соның ішінде құнарлылықты) және сонымен бірге жауынгердің белгісін көрсетеді. Көп жағдайда ол еркектік бастаумен байланысты...» (Шайгозова, Наурызбаева, 2003, 134 б.).

Қазақ ою-өрнегінің мәнін түсіндіруде семиотика әдіснамасы аса маңызды. Байжігітовтің тұжырымдауынша, өрнектің рәміздік жүйесін үш деңгейде қарастыру қажет:

Семантикалық деңгей – ою-өрнектердің мән-мағынасы, мазмұндық астары, космостық, уақыттық, кеңістіктік байланыстары;

Синтактикалық деңгей – өрнек элементтерінің өзара қатынасы, композициялық заңдылықтар;

Прагматикалық деңгей – оюдың адам өміріндегі қызметі, мәнін қабылдау механизмі.

Шидің бетіне түсірілген оюлар киіз үй ішіндегі кеңістікті жай ғана сәндеу емес, оның мағыналық иерархиясын, ритуалдық функциясын, әлеуметтік құрылымын белгілейді. Аталған зооморфтық пішіндер, су мотивтері – табиғи әлем, әлеуметтік қатынастар және киіз үй кеңістігінің белгілер (символдық) картасы.

Бұл құбылысты Джулия Кристеваның семиотикалық кеңістік теориясы арқылы түсіндіруге болады. Кристеваның пікірінше, ритм, түс, ырғақ, түйсік арқылы берілетін мағыналар тілге дейінгі деңгейдегі семиозис жүйесін қалыптастырады (Kristeva, 1980).

С.Қасиманов халық қолөнерін ғылыми тұрғыдан зерделеудің тарихына тоқталып, XIX ғасырдың басынан бері бұл салаға арналған жүйелі еңбектер мен ғылыми зерттеулердің жарық көргенін атап өтеді. Оның ішінде австриялық ғалым В. Куррердің бояу және бояушылық өнеріне арналған зерттеулері, сондай-ақ Ф.Т. Куглер, С.В. Иванов, В.В. Стасов, Ф.К. Волков, С.А. Давыдов, Н.Ф. Сумцов, А.А. Боголюбов, В. Чепелев, А.Н. Бернштам сияқты зерттеушілердің еңбектері көрсетіледі. Сонымен бірге қазақ ғалымдары Ә. Марғұлан, Т. Бәсенов, Э. Масанов, М. Мұқанов және басқа да отандық зерттеушілердің материалдары қазақтың дәстүрлі қолөнерін, оның ішінде ши тоқу өнерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге маңызды үлес қосқаны айтылады (Қасиманов, 1995, 240 б.).

Дегенмен, өкінішке орай, ұзақ уақыт бойы көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы кейбір оюлардың көне кезеңдерге тән семантикалық және мифологиялық мағыналарын толық көлемде сақтап қала алмады. Соған қарамастан, ши тоқу өнері қазақ халқының тарихында уақыттың рухына, әлеуметтік жағдайдың өзгерістеріне және мәдени сұраныстарға сай өзінің жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін қалыптастырып, оңтайлы трансформацияға ұшырады.

Ши тоқу өнерінің дәстүрлі формалары көшпелі тұрмыстың утилитарлық қажеттерімен тығыз байланыста дамып, ұлт тарихындағы әрбір тарихи кезеңнің әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін бастан өткерді.

Көшпелі қазақ қоғамында шиден жасалған бұйымдар күнделікті шаруашылық қызметтің барлық дерлік саласында кеңінен қолданылды. Киіз басу барысында ши жүн шабақтауға, тары сүзуге қолданылып, сонымен бірге үй ішіндегі төсеніштердің ылғал тартпауына және қыста еденнің суықтығын болдырмауға септігін тигізді. Бұдан бөлек, төлді қалқалау, үйдің төбесін

жабу, аула тазалау сияқты шаруашылық міндеттерді атқаруда да шиден жасалған бұйымдар кең қолданыс тапты. Жалпы алғанда, бұл бұйымдардың барлығы көшпелі өмір салтының динамикасына бейімделген, тасымалдауға жеңіл, икемді әрі практикалық сипатымен ерекшеленді (Еспенбетов, 2002, 4-7 бб.). XVIII-XIX ғасырларда табылған шиден жасалған құнды дүниелер өткен заманның тарихынан сыр шертеді. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығына қарасты XVI ғасырда салынған «Шығыс моншасы» экспозициясына қойылған тоқылған шилер осы ши тоқу кәсібіннің бір көрінісі деуге болады. Бұл шилерді өре ши, ақ шилер деп атауға болады. Ешқандай ою-өрнексіз, шиді бояп, он жерінен бірдей қашықтықта кендір жіппен күрмеп тоқыған. Аталған шилер шығыс моншасының негізгі жуыну бөлмесіндегі тазалық ойықтарын жабу үшін қолданғанын көрсетіп тұр. Ортағасырлық моншада бұл тазалық ойықтарын жабуда шымылдық ретінде ши немесе басқа да материалдар қолданғаны анық» (Орынбекова, 2021).

XX ғасыр қазақ халқы үшін түбегейлі тарихи сынақтар дәуірі болды. Жаһандық саяси-экономикалық өзгерістер мен отаршылдық саясат қазақ қоғамын ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтынан ажыратып, отырықшы жүйеге өтуге мәжбүр етті.

Е. Оспанұлы атап өткендей, «XX ғасыр қазақ халқына бұрын-соңды болмаған күрт өзгеріс әкеліп, атам заманнан келе жатқан көшпелі тұрмыстан толық ажыратты» (Оспанұлы, 2021, 468 б.). Бұл жағдай халықтың дәстүрлі мәдени болмысын, оның ішінде қолөнер жүйесін де күрделі трансформацияға ұшыратты. «Шығармашылық жұмыстарға сілтеме жасай отырып қоғамның жағдайдың, ағымдағы және болашақтағы көрінісін мәдени мұра арқылы мәдениетті қайта қарау керек, деп мәлімдейміз» (Bennett және т.б. 2014, 26.).

Дәстүрлі қолөнердің көптеген түрлері, соның ішінде ши тоқу өнері де өзінің қолданылу аясынан біртіндеп ығыстырылып, шеберлердің саны күрт азайды. Халықтық өнердің «ескі тұрмыс қалдығы» ретінде бағалануы ұлттық мәдени сабақтастықтың әлсіреуіне және қолөнер дәстүрлерінің үзілуіне алып келді (Gardanov және т.б. 2014, 16 б.).

Бұл кезеңдегі ең ауыр қасіреттердің бірі – 1930-1932 жылдардағы ашаршылық пен босқындық. Сара Кэмерон бұл жағдайды «мүмкіндігі бола тұра көмек көрсетпей, керісінше қырылуға жағдай туғызған, мақсатты ұйымдас-

тырылған геноцид» деп сипаттайды» (Кэмерон, 2018). Қазақ халқының жойылуға таяу қалуы ұлттық мәдениеттің, соның ішінде қолөнердің тоқырауын одан әрі тереңдетті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда мәдени өмір біртіндеп қалпына келе бастады. Қолөнерге деген қызығушылық артып, тоқыма, кесте, ши тоқу сияқты дәстүрлі өнер түрлері қайтадан дамуға бет алды (Оспанұлы, 2021, 68 б.).

Бұл үдерістің бірнеше маңызды себебі болды:

1. Экономиканың қалпына келуі. Соғыстан кейін ауылдық тұрғындар тұрмыстық қажеттіліктерді өтеу үшін қайтадан дәстүрлі қолөнерге жүгінді.

2. Мәдени бірегейлікті жаңғырту. Одақ көлеміндегі мәдени саясатқа қарамастан, қазақ даласында ұлттық рухани мұраға қызығушылық арта түсті.

3. Мемлекеттік қолдау. 1960-70 жылдары халық өнері шеберханалары, көрмелер ұйымдас-тырылып, ұлттық қолөнердің дамуына жағдай жасалды.

4. Шеберлік мектептері. Дәстүрлі қолөнерді үйрететін оқу курстары ашылып, шеберлер тәжірибесін жас буынға беру жүйесі қалпына келді.

Бұл кезеңде:

– қазақ қолөнері ұлттық мұраның символына айналды;

– шеберлер мен қолөнершілердің кәсіби ортасы кеңейді;

– дәстүрлі техника мен жаңа дизайнның біріктірілген авторлық жұмыстары пайда болды;

– ұлттық өнерді сақтауға бағытталған шаралар мемлекеттік және қоғамдық деңгейде қолдау тапты.

Зерттеушілердің пікірінше, «Маңғыстау жерінде ши ораудың өзіндік мектебі қалыптасқан, ол қайталанбас түр-түс үйлесімімен және аймақтық стильдік бояуымен ерекшеленеді» (Киіз үйдің жүннен жасалған бұйымдары. Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану мұражайының қорынан. Алматы «Тассад» 2005, 86.). Бұл өңірдегі шеберлердің техникасы мен эстетикалық шешімдері қазақ қолөнері тарихында айрықша орын алады.

Бұл мектептер әлемдік мәдениет аясында қалыптасқан жеке ұлттық мектептерді сонылық тұрғысынан бағалап, олардың әрбіреуінде қалыптасқан нақыш үлгілерін түсіну, ұғу, меңгеру қазірге дейін етек алып келген еуроцентристік сыңаржақтылықтан құтылуға жағдай жасайды (Б.Байжігітов, 2012, 36.).

1980 жылдары ши тоқу өнері жаңа бағыт алды. Заманауи суретшілер мен қолөнер шеберлері дәстүрлі ши тоқу техникасын көркем паннолар, интерьерлік туындылар, сәндік композициялар жасауға бейімдеп, оны жаңа эстетикалық кеңістікке шығарды. Мәселен, ерлі-зайыпты суретшілер Ә. Бапанов пен С. Бапанованың шығармашылығы ши тоқу өнерінің сюжет, реңк, композиция жағынан жаңғыруына ықпал етсе, Ә. Сәрсенбаевтың «Абай» туындысы мен Р. Әбдірахымқызының «Маусым», «Сарқырама», «Сәт» секілді шығармалары дәстүр мен заманауилықтың синтезін көрсетеді.

Өткен ғасырлардағы отаршылдық, ашаршылық, саяси репрессиялар және мәдени оқшаулау дәстүрлі қолөнерді әлсіреткенімен, ши тоқу өнері жойылмады. Тәуелсіздік кезеңінде бұл өнер қайта жанданып, ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. «1991 жылғы тәуелсіздік кезеңінен кейін қазақстандық дәстүрлер мен мәдениетті қалпына келтіру ұлттық мемлекеттілікті нығайту қажеттілігімен тығыз байланысты болды» (Guillaume, 2020, 126.).

XX ғасырдың екінші жартысында суретшілер шым ши техникасын авторлық сәндік паннолар жасау үшін қолдана бастады, оларда идеялық, пластикалық және колористикалық экспрессивтілікке ие сәндік және сюжеттік-тақырыптық композициялар бейнеленді. Осылайша, дәстүрлі тоқу техникасы утилитарлық өнер саласынан жоғары эстетика саласына көшу арқылы дамуға жаңа серпін алды. Бұл процесс дәстүрлі формалардың жаңа мәнге ие болатын заманауи өнер кеңістігіне халық қолөнерінің интеграциясын көрсетеді. Сызықтар, дақтар, бейнесіз форма элементтері, кеңістіктік-ритмикалық құрылымдар – қазіргі ши панносында композицияның негізгі көркемдік тіліне айналып отыр.

Бұл құбылыс *материалдық эксперимент, артефактінің эстетикалық ревитализациясы және қолөнердің модернизациясы* ұғымдарымен сабақтас. Ши панносы бүгінгі таңда – тек этникалық сәндік элемент емес, қазақ мәдени кодын жаңа визуалды формада жеткізетін, тарихи жады мен қазіргі креативті ойлауды байланыстыратын көркемдік құбылыс.

Бүгінгі таңда қоғамда ши материалын көбіне көшені сыпыруға арналған тұрмыстық құрал ре-

тінде ғана қабылданатыны байқалады. Зерттеу барысында шиден тоқылған дәстүрлі бұйымдар жөнінде мүлдем хабарсыз жастардың да кездесуі осы мәселенің айғағы

Бүгінгі күні Қазақстанда шығармашылық мамандарды даярлайтын ресми тізім бойынша сәндік-қолданбалы өнер саласына бағытталған небәрі сегіз оқу орны бар, бұл жалпы білім беру кеңістігінің 1,06 пайызына ғана тең. Бұл бағытта жоғары білім саласында да жағдай күрделі: Қазақстанда тек екі шығармашылық жоғары оқу орны – Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы) және Ұлттық өнер университеті (Астана) ғана қолөнер мамандарын толыққанды даярлай алады.


Қазіргі кезеңдегі көркемдік-шығармашылық ізденістер ши тоқу өнерінің тек дәстүрлі қолөнер формасы аясында ғана емес, заманауи дизайнерлік тәжірибеде жаңа эстетикалық өлшемдерге ие болғанын көрсетеді. Дәстүрлі материал – табиғи ши өзегіне негізделген панно бүгінгі уақытта әртүрлі композициялық, пластикалық және технологиялық тәсілдермен толықтырылып, жаңа көркемдік мағынаға ие болды. Бұл үдеріс халықтық қолөнердің постдәстүрлі мәдени кеңістікке бейімделуінің көркем индикаторы.

Ши панносы бүгінгі таңда – тек этникалық сәндік элемент емес, қазақ мәдени кодын жаңа визуалды формада жеткізетін, тарихи жады мен қазіргі креативті ойлауды байланыстыратын көркемдік құбылыс. Осы композициялық қағидалар қазіргі ши панноларында жаңа пластикалық мазмұнмен толықтырылып, дәстүрлі өнердің заманауи бейнелеу тіліне кіріктірілуін байқатады.

Кәсіби білім беру үдерісінде бүгінгі студенттерді ши тоқу өнерінің мәдениеттанымдық бағытына баулуда арнайы пәндер аясында техникасы мен құрылымын қолданудағы тәжірибелік дағдыларын меңгеру құзырына ие болуына тартамыз. «Ши тоқу техникасы» пәні мазмұнында пән оқытушысы мақала авторы ретінде паннолар көрінісіндегі сипатын беруге талпыныс жасадық. Олай болса, 2024-2025 оқу жылында өткізілген практикалық сабақ үлгісінде 3-курс студенті Мырзашина Шынардың ши панносына (90см.Х 40см.) көлемінде орындаған жұмысынан үзінді берілді.

1-сурет

Заманауи ши панносының орындалу барысы



Дереккөз: зерттеу нәтижелері негізінде автор құрастырған.

Бұл практикалық үлгіде берілген ши панноларын студент қолданбалы бағытын дәстүрлі шикізатпен қатар түрлі-түсті жүн, әртүрлі иірілген жіптер, жұқа мата жолақтары, металл сым, тігін жібі, қағаз және тіпті газет қиындылары сынды қосымша материалдарды белсенді қолданумен ерекше бағалай біледі. Білім алушылар тарапынан меңгерген материалдардың мұндай түрлілігі панноның фактуралық, пластикалық және оптикалық әсерін күшейтіп, оны тек утилитарлық емес, күрделі эстетикалық объект ретінде тануға ықпал ететіні сөзсіз.

Дәстүрлі шым ши оюларына тән геометриялық реттілік пен ырғақ қазіргі авторлық панноларда да сақталады, алайда олардың мазмұны абстракцияланған, кейде сюжеттік емес бейнелеу тілінің құралдары арқылы жаңа семантикалық деңгейге өтеді. Сызықтар, дақтар, бейнесіз форма элементтері, кеңістіктік-ритмикалық құрылымдар – қазіргі ши панносында композицияның негізгі көркемдік тіліне айналу үдерісінің болмысы құнды.

Автор кәсіби шеберлігі мен қолданбалы ши тоқу өнерінің эстетикалық, трансформациялық көрініс студенттермен бірізділікте орындалған шығармашылық жұмысты ұсынуды жөн көрдік.

«Ши тоқу техникасы» пәні, пән оқытушысы Қ.Ж.Тулақбаева 3-курс студенттері Тлеуханова Әлия, Нұрымова Үмітжан, Дүйсебекова Акерке көлемі: 120X 80см ши панносын орындаған көрінісі. Аталған ши панносының композициялық шешімдері заманауи дизайнның талаптарына

сай түрлі нысанда заманауи интерьерлік кеңістікте өзінің дәстүрлі функциясынан шығып, жаңа мағыналық деңгейге сипатталуына әкеледі. Материалдық эксперименттер, композициялық трансформациялар және түстік шешімдердің жаңаруы бұл өнер түрін постдәстүрлі мәдени кеңістікте қайта жаңғыртып, оны заманауи көркемдік лексикаға енгізу жолдарын дамытуға бағытталған.

Бұл құбылыс *материалдық эксперимент, артефактінің эстетикалық ревитализациясы және қолөнердің модернизациясы* ұғымдарымен сабақтас.

Қазіргі таңдағы қолөнер мәселесі жайын білу мақсатында халық арасынан шыққан ши тоқу өнерімен айналысатын қолөнер шеберлерімен жүргізілген этнографиялық сұхбат бірнеше маңызды *практикалық ұсыныстар* жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, ши тоқу өнері өзінің дәстүрлі формасында негізінен шет елдердегі қазақтар (Моңғолия, Қарақалпақстан, Қытай) арасында сақталған киіз үй тұрмысының бұйымдары толық пайдаланылып, ши бұйымдары қолданбалы қызмет атқаруымен ерекшеленетіні нақтыланды.

Екіншіден, Қазақстанда ши тоқумен айналысатындар шеберлердің негізгі бөлігі – арнайы өнер оқу орындары мамандары және этно-мәдени орталықтары. Бұл ұйымдарда қызмет атқаратын ұстаздардың шеберлік өнерін тұрмыстық қажеттілікке бағытталған шеберлер өнерінің тәжірибесін тарату ұйғарылуы маңызды.

Үшіншіден, заманауи қоғамда ұлттық өнерге деген қызығушылықтың, әсіресе, орта және үлкен жастағы адамдар арасында кездесетіні байқалады. Ұлттық мәдениетіміздің шиден жалғалған этно-интерьер бағытындағы дизайнерлік тапсырыстар мәдени мұраларды дамыту, оның көріністерін насихаттау ізгілікті істерін дәстүрлі құндылықтардың қоғам талабына сай жаңаша мағынада жандануын алға тарту.

Жалпы алғанда, ши тоқу өнерінің қазіргі жағдайы дәстүр мен жаңашылдықтың қатар дамып отырғанын, бүгінгі білім алушыларға қазақ халқының дәстүрлі өнерін жетілдіру индикаторларын жинақтауға, жаңаша техника мен технологиялардың қолданбалы бағыт-бағдарын меңгеруіне ықпал ету.

Қорытынды

Ши тоқу өнері утилитарлық-тұрмыстық қажеттіліктен туындаған бұйым ғана емес, бұл – қазақ халқының материалдық өндірісі мен рухани танымының өзара сабақтастығын, ұлттың эстетикалық деңгейін айқындайтын күрделі мәдениет түрі. Зерттеуде ши тоқу өнерінің ғасырлар бойы үздіксіз дамуы, көшпелі қоғам мәдениетіндегі рөлі және кеңістік-уақыт, киелі кеңістік туралы архаикалық түсініктердің терең мағынасын зерделей отырып қарастырдық. Қазақ халқының символдық танымында апотропиялық (қорғаныштық) қызмет атқарған ірге ши, есік ши және шым ши түрлерінде сақталған ою-өрнектердің мән-мағынасына жете назар аударып, зерделедік. Шаршы, жүзтеру, омыртқа, балдақ секілді геометриялық мотивтер мен қошқармүйіз, қосмүйіз, сынармүйіз тәрізді зооморфтық элементтердің қазақ этносының мифопоэтикалық кеңістігінде қалыптасқан терең дүниетанымдық кодтардың көрінісі болып табылатынына ғылыми тұрғыда көз жеткіздік.

Зерттеу барысында ши тоқу өнерінің ХХ ғасырдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қарамастан өзінің тарихи сабақтастығын толық жоғалтпағаны жөнінде тұжырым жасалды. Қоғамда орын алған урбанизация, индустрияландыру, кеңестік модернизация сынды үдерістер ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің тұрмыстық қызметінің көркемдік және рәміздік функциясына жаңа сипат бере алуымен құнды. Заманауи панноларда, интерьерлік композицияларда, дизайнерлік

шешімдерде ұлттық нақыштағы ою-өрнектердің дәстүрлі элементтері сақталып, жаңа мәдени кеңістікке бейімделуі – мәдени трансформацияның табиғи үрдісі.

Қазіргі таңда ши тоқу өнерінің мәдени динамикадағы маңызының артып келе жатқанына этнографиялық деректер мен шеберлердің тәжірибелеріне сүйене отырып көз жеткізуге болады. Ши тоқудың дәстүрлі этноқолданыстық бағыты шет елдердегі қазақ қауымдастықтары арасында (Моңғолия, Қытай, Қарақалпақстан) кеңінен тараған болса, көркемдік-заманауи бағытта дамуы Қазақстандағы кәсіби суретшілер мен дизайнерлердің туындыларында көрініс тапқан.

Зерттеу нәтижелері ши тоқу өнерін қолөнердің тек бір саласы ретінде ғана емес, қазақ мәдениетінің шынайы рухани болмысын танытатын құнды дереккөз ретінде дербес зерттеу жұмысы. Ши тоқу өнерін жете зерттеу арқылы ұлттық мәдениетінің дәстүр мен сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи элементтердің өзара сабақтастығын анықтаймыз.

Демек, сәндік-қолданбалы өнердің көркем шығармашылығы – ғасырлар бойы сараланып, сан сыннан өткен, сол халықтың ой арманымен, көркем шығармашылық мақсатымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық, кәсібімен, отбасылық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста дамып, өсіп, өркендеп келе жатқан тарихи және мәдени мұрасы.

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың үлесі:

Қ.Ж.Тулақбаева – ши тоқу өнерінің мәдениеттану феномені ретіндегі сипатын анықтайтын мәтінді құрастыруда ою-өрнек табиғатын зерделеу, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын ашатын ұғым түсініктері мен категорияларына сипаттама беру негізінде қазақ халқының көшпелі өмір салтын баяндайтын ғылыми әдебиеттерге шолу жасау.

А.Р.Масалимова – зерттеу нысанына сәйкес ши тоқу өнерінің мәдениеттану феномені ретінде жүргізілген контент-талдау жүргізу, жобалау, синтездеу негізінде ұсынылған әдіснамалық тұғырлар құрылымы мен әдістеріне жаңаша сипат беру, зерттеу материалдарын талдау және синтездеу, мақаланы өңдеу, қорытынды мен ұсыныстар жасау.

Әдебиеттер

- Добросмыслов А. (1902) Тургайская область : Исторический очерк. Тверь, 33
- Оспанұлы Е. (2021) Қоштер Қазақ халқының қолөнері. Шымкент: ТОО Полиграфкомбинат.- 267 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том., (2017) Алматы: Әлем. Даму. Интеграция ЖШС – 111б.
- Vainshtein S. (2014) Problems of the History of the Dwellings of the Steppe Nomads of Eurasia //Soviet Anthropology and Archeology Volume 18, 1979 – Issue 1 <https://doi.org/10.2753/AAE1061-1959180150> 18
- Тохтабаева Ш. (2008) Ұлы дала жауһарлары. Алматы: Дайк-Пресс -240 б.
- Хайдеггер М. Бытие и время (2003) // (Философия) Пер. с нем. В.В. Бибихина. Харьков: Фолио – 503с.
- Киіз үйдің жүннен жасалған бұйымдары. Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану мұражайының қорынан. (2005) Алматы : Тассад – 33 б.
- Кәпқызы Б. (2024) Киіз үй. Алматы: Атамұра – 94 б.
- Ғабитов Х. (2016) Қазақ мәдениетінің тарихы: оқу құралы // Алматы «Қазақ университеті» – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 344 б.
- Геннеп А. (1999) Обряды перехода : Системат. Изучение обрядов // М. : Вост. Лит. РАН, – 198 с.
- Сейдімбек А. (1997) Қазақ өлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. Алматы: Санат – 464 б.
- Муканов М. (1979) Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Казахстан – 122 с.
- Қасиманов С. (1995) Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан – 240 б.
- Байжігітов Б. (2012) Қазақтың қолөнері тарихы: қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. Алматы: Экономика -265 б.
- Шайгозова Ж., Наурызбаева А. (2023) Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. // Алматы: ҚазҒЗМИ –134 б.
- Kristeva, J. (1980). *Desire in Language: A Semiotic Approach to Literature and Art*. Columbia University Press. 305 p.
- Оспанұлы Е. (2021) Қазақ ою-өрнегінің этнографиялық атласы. Шымкент – 59 б.
- Еспенбетов Б. (2002) Ши тоқу өнері. Оқу құралы. Жезқазған – 7 -87 б
- Орынбекова Ә. (2021) Ши тоқу <https://azretsultan.kz/>
- Bennett D., Reid A. & Petocz P. (2014) Creative workers’ views on cultural heritage and sustainability. <https://doi.org/10.3402/jac.v6.24476>
- Камерон С. (2018) <https://informburo.kz/kaz/asharshyly-yrlyan-azaty-sany-ansha-sayasi-baa-ashan-berled.html>
- Gardanov V., Dolgikh B., Zhdanko T. (2014) Major Trends in Ethnic Processes Among The Peoples of the USSR <https://doi.org/10.2753/AAE1061-195901013> Pages 3-18
- Оспанұлы Е. (2021) Қоштер Қазақ халқының қолөнері. Шымкент – 465 б.
- Tiberghien G. (2020) Neo-nomadic Culture as a Territorial Brand for ‘Authentic’ Tourism Development in Kazakhstan. DOI: 10.1080/09668136.2020.1776842
- Киіз үйдің жүннен жасалған бұйымдары. Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану мұражайының қорынан. Алматы : Тассад 2005-56 б.

References

- Dobrosmyslov, A. I. (1902). *The Turgay Region: A Historical Essay*. Tver, 33 p.
- Ospanuly, E. (2021). *Qosheter: Traditional Handicrafts of the Kazakh People*. Shymkent: Poligrafkombinat LLP, 267 p.
- The Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts, and Terms of the Kazakh People*. Encyclopedia, Vol. 5. (2017). Алматы: Alem. Damu. Integratsiya LLP, 111 p.
- Vainshtein, S. (2014). Problems of the History of the Dwellings of the Steppe Nomads of Eurasia. *Soviet Anthropology and Archeology*, Vol. 18, Issue 1 (1979), pp. 3–18. <https://doi.org/10.2753/AAE1061-1959180150>
- Tokhtabaeva, Sh. (2008). *Treasures of the Great Steppe*. Almaty: Daik-Press, 240 p.
- Heidegger, M. (2003). *Being and Time*. (V. V. Bibikhin, Trans.). Kharkiv: Folio, 503 p.
- Woolen Items of the Kazakh Yurt from the Collection of the Mangystau Regional Museum of History and Local Lore*. (2005). Алматы: Tassad, 33 p.
- Kapkyzy, B. (2024). *The Kazakh Yurt*. Almaty: Atamura, 94 p.
- Gabitov, Kh. (2016). *History of Kazakh Culture: A Textbook*. Almaty: Kazakh University Press, 344 p.
- van Gennep, A. (1999). *The Rites of Passage: A Systematic Study of Rituals*. Moscow: Eastern Literature, Russian Academy of Sciences, 198 p.
- Seidimbek, A. (1997). *The World of the Kazakhs: An Ethnocultural Interpretation. Textbook*. Almaty: Sanat, 464 p.
- Mukanov, M. (1979). *Kazakh Domestic Artistic Crafts*. Alma-Ata: Kazakhstan Publishing House, 122 p.
- Kassimanov, S. (1995). *Traditional Handicrafts of the Kazakh People*. Almaty: Kazakhstan, 240 p.
- Baizhigitov, B. (2012). *The History of Kazakh Handicrafts: Applied Arts and Folk Crafts*. Almaty: Ekonomika, 265 p.
- Shaigozova, Zh., & Naurzbaeva, A. (2023). *A Brief Encyclopedia of Symbols and Signs of Kazakh Culture*. Almaty: Kazakh Research Institute of Culture, 134 p.
- Kristeva, J. (1980). *Desire in Language: A Semiotic Approach to Literature and Art*. New York: Columbia University Press, 305 p.

- Ospanuly, E. (2021). *Ethnographic Atlas of Kazakh Ornamental Patterns*. Shymkent, 59 p.
- Espanbetov, B. (2002). *The Art of Reed Mat (Shi) Weaving*. Textbook. Zhezkazgan, pp. 7–87.
- Orynbekova, A. (2021). *Shi Weaving*. Retrieved from <https://azretsultan.kz/>
- Bennett, D., Reid, A., & Petocz, P. (2014). Creative Workers' Views on Cultural Heritage and Sustainability. *Journal of Arts & Communities*, Vol. 6. <https://doi.org/10.3402/jac.v6.24476>
- Cameron S. (2018) <https://informburo.kz/kaz/asharshyly-yrlyan-azaty-sany-ansha-sayasi-baa-ashan-berled.html>
- Gardanov, V., Dolgikh, B., & Zhdanko, T. (2014). Major Trends in Ethnic Processes among the Peoples of the USSR. *Soviet Anthropology and Archeology*, pp. 3–18. <https://doi.org/10.2753/AAE1061-195901013>
- Ospanuly, E. (2021). *Qosheter: Traditional Handicrafts of the Kazakh People*. Shymkent, 465 p.
- Tiberghien, G. (2020). Neo-nomadic Culture as a Territorial Brand for 'Authentic' Tourism Development in Kazakhstan. *Europe-Asia Studies*. <https://doi.org/10.1080/09668136.2020.1776842>
- Woolen Items of the Kazakh Yurt from the Collection of the Mangystau Regional Museum of History and Local Lore*. (2005). Almaty: Tassad, 56 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Тулақбаева Қызғалдақ Жақсылыққызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: ktulakbaeva@mail.ru ORCID ID: 0009-0009-0945-4619)

Масалимова Алия Рмгазықызы – философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының директоры (e-mail: jameliya0905@gmail.com, ORCID ID0000-0003-0708-2478).

Information about the authors:

Tulakbayeva Kyzgaldak Zhakyslykovna – PhD student of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ktulakbaeva@mail.ru).

Masalimova Aliya Rmgazinovna – Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of the Republic of Kazakhstan, Vice-Rector for Research at the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan (e-mail: jameliya0905@gmail.com, ORCID ID0000-0003-0708-2478).

Сведения об авторах:

Тулақбаева Қызғалдақ Жақсылыққызы – PhD-докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ktulakbaeva@mail.ru).

Масалимова Алия Рымгазиновна – доктор философских наук, профессор, академик Академии педагогических наук Республики Казахстан, директор Центра исследования общественных процессов (e-mail: jameliya0905@gmail.com, ORCID ID0000-0003-0708-2478).

Поступила: 01.02.2006

Принята: 10.05.2026